

## Салықтық есептілікті кері қайтарып алу

<b>Қызметті беруші</b>	Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары
<b>Қызметті алушылар</b>	жеке және заңды тұлғалар
<b>Қызмет көрсету орны</b>	1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ 2) "Электрондық үкіметтің" веб-порталы
<b>Қызметті көрсету мерзімдері</b>	5 (бес) жұмыс күн
<b>Қызмет құны</b>	тегін
<b>Құжаттар тізбесі</b>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы не өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі жүгінген кезде:1) осы Қағиданың <a href="#">3-қосымшасына</a> сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салық есептілігін кері қайтарып алу туралы салықтық өтінішті (бұдан әрі – салықтық өтініш);</p> <p>2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 208-бабы <a href="#">2-тармағының</a> шарттарын бұза отырып ұсынылған салықтық есептілікті жою әдісімен кері қайтарып алған жағдайда, салықтық есептілікті ұсынады.</p> <p>порталға:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы салықтық өтінішті;</p> <p>2) Салық кодексінің 208-бабы <a href="#">2-тармағының</a> шарттарын бұза отырып ұсынылған салықтық есептілікті жою әдісімен кері қайтарып алған жағдайда, салықтық есептілікті ұсынады.</p>
<b>Қызмет көрсету нәтижесі</b>	1) салық есептілігін кері қайтарып алу туралы хабарландыру; 2) мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауабы болып табылады.
<b>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты</b>	<a href="http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011273#z622">http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011273#z622</a>